

**2025–2026 оқужылының III тоқсаны бойынша
«Адалазамат» – Біртұтас тәрбие бағдарламасының іске асырылуы туралы
ҚОРЫТЫНДЫ ЕСЕП**

2025–2026 оқу жылының III тоқсанында мектепте тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің тәрбие тұжырымдамасы, «Адалазамат» – Біртұтас тәрбие бағдарламасы және мектептің жылдық тәрбие жоспарына сәйкес жүйелі түрде ұйымдастырылды.

III тоқсанда тәрбие жұмысы төмендегі айлық бағыттар аясында жүзеге асырылды:

Қаңтар – «Заң және тәртіп» айы

Ақпан – «Жасампаздық және жаңашылдық» айы

Наурыз – «Тәуелсіздік және отаншылдық» айы

Негізгі мақсат – білім алушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жасампаз ойлау мен отансүйгіштік құндылықтарын нығайту.

Қаңтар айына «Заң және тәртіп» құндылығы аясында өткізілген іс- шаралардың есебі

2026ж 08.қаңтар күні «Заң мен тәптіт таңдау өз қолыңда» атты квест ойыны өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың құқықтық сауаттылығын артыру заңға бағыну, тәртіпке мойын сұну.

<https://www.instagram.com/p/DTR6oxviLWx/?igsh=MWJjM2lzMjdqcXJp>

2026 жылғы 12 қаңтар күні мектебімізде Астрахан ауданының прокуроры Аманбек Рауан Бақытжанқызы заң және тәртіп қағидаттары аясында мектеп оқушыларымен кездесу өткізіп «Өз құқығыңды қалай қорғау керек?» тақырыбында мазмұнды баяндама жасады.

https://www.instagram.com/p/DTZe3zvCLXQ/?img_index=1&igsh=MTMxOHA3NWJ5eXR3cQ==

«Жасөспірім және заң» тақырыбында **сынып сағаттары** өткізілді. Іс-шара «Заң және тәртіп» құндылығы аясында ұйымдастырылып, оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға, заңды құрметтеуге және тәртіпке баулуға бағытталды. Барлық сыныптарда сынып сағаттары өткізілді:

1–4 сыныптарда – «Мен тәртіпті баламын» тақырыбында;

5–9 сыныптарда – «Заңды білу – өзінді қорғау» тақырыбында;

10–11 сыныптарда – «Заңды құрметтеу – болашаққа жауапкершілік» тақырыбында.

<https://www.instagram.com/p/DTc6oIrCNIL/?igsh=MXNhYzlicGgzYm9qMA==>

<https://www.instagram.com/reel/DTdhqZsCL0S/?igsh=enRmMWNmeHBmc2o5>

Сынып сағаттары барысында оқушыларға құқық пен міндет ұғымдары түсіндіріліп, мектептегі ішкі тәртіп ережелерін сақтау, жауапкершілік пен заң талаптарын орындаудың маңыздылығы туралы ақпарат берілді. Талқылау, сұрақ-жауап және тәрбиелік бағыттағы жұмыстар жүргізілді.

2026 жылғы 13 қаңтар күні мектебімізде **«Жасөспірімдер көзімен: Заң және тәртіп»** тақырыбында **ақпараттық күн** ұйымдастырылды. Іс-шара оқушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру, құрметтеу және тәртіп құндылықтарын насихаттау мақсатында өткізілді. Ақпараттық күн аясында оқушылар арасында **плакаттар байқауы** ұйымдастырылды. Байқауға әртүрлі сынып оқушылары қатысып, өз жұмыстарында заң талаптарын сақтау, тәртіптің қоғамдағы орны, жауапкершілік пен адалдық құндылықтарын көркем түрде бейнеледі.

байқау барысында оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен құқықтық сауаттылығы бағаланып, мазмұндылығы, көркемдік шешімі және тақырыптың ашылу деңгейі ескерілді. Белсенді қатысқан оқушылар мадақталды.

<https://www.instagram.com/reel/DT-4TuoCHI6/?igsh=MTU2dmZ5d3VzaWZicQ==>

Психологиялық қолдау күні аясында «**Сенің шешімің – сенің болашағың**» тақырыбында **психологиялық тренинг және квест-ойындар** өткізілді. Іс-шараның мақсаты – оқушылардың жауапты шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыру, өзін-өзі тануына қолдау көрсету, өмірлік таңдаулардың салдарын түсіндіру және психологиялық тұрақтылығын арттыру.

<https://www.instagram.com/p/DTw8z7RiPKT/?igsh=MWFxZjM0dWdubGEhcw==> Тренинг барысында оқушылармен мотивациялық жаттығулар, пікір алмасу, топтық жұмыс жүргізілді. Ал квест-ойындар арқылы жасөспірімдер түрлі өмірлік жағдаяттарды шешу жолдарын талдап, өз көзқарастарын білдірді. Іс-шара оқушылардың белсенділігі мен қызығушылығын арттырып, жағымды психологиялық ахуал қалыптастырды. Іс-шараға мектеп психологы, сынып жетекшілері және оқушылар белсенді қатысып, қойылған мақсат-міндеттер толық орындалды.

Мектебімізде **Салауатты өмір салты күні** өткізілді. «Денсаулық формуласы» тақырыбында **спорттық эстафеталар мен жарыстар** ұйымдастырылды. Іс-шараның негізгі мақсаты – оқушыларды дене белсенділігіне баулу, салауатты өмір салтын насихаттау және денсаулықты сақтаудың маңыздылығын түсіндіру. Спорттық жарыстарға оқушылар ұйымшылдықпен қатысып, жылдамдық, ептілік, төзімділік қабілеттерін көрсетті.

<https://www.instagram.com/reel/DT0pwHdiJhY/?igsh=dDRsd2dpOWJhc2xz>

Салауатты өмір салты күні оқушылардың спортқа деген қызығушылығын арттырып, достық қарым-қатынас пен командалық рухты нығайтуға ықпал етті.

мектебімізде **Құқықтық күн** өткізілді. «Қауіпсіз орта – менің әрекетімнен басталады» тақырыбында **бала құқықтары, жеке қауіпсіздік** мәселелері қарастырылып, **құқық қорғау органдары өкілдерімен кездесу** ұйымдастырылды. Құқықтық күн оқушылардың заң алдындағы жауапкершілігін түсіндіруге, құқықбұзушылықтың алдын алуға және қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға бағытталды. Кездесу барысында оқушылар өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, нақты құқықтық түсіндірмелер алды.

<https://www.instagram.com/reel/DT0YBloiMccq/?igsh=MWQxN2R2czE0a3Jtdw==>

Бұл күн жасөспірімдердің құқықтық сауаттылығын арттырып, заңды сақтау – әр азаматтың міндеті екендігін ұғындыруға ықпал етті.

мектебімізде **Шығармашылық күн** өткізілді. «STOP құқықбұзушылық!» тақырыбында **әлеуметтік роликтер челленджі** ұйымдастырылып, жұмыстар **Instagram, Facebook** әлеуметтік желілерінде жарияланды. Шығармашылық күн оқушылардың құқықбұзушылыққа қарсы көзқарасын қалыптастыруға, әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға және заманауи медиа құралдарын тиімді пайдалануға бағытталды. Оқушылар өз бейнероликтері арқылы заңды сақтау, тәртіп пен қауіпсіз ортаның маңызын көркем әрі әсерлі түрде жеткізді.

<https://www.instagram.com/reel/DTy5dVqCJEv/?igsh=cm9kd3BlZzVwZ3Vq>

<https://www.instagram.com/reel/DTx7yq-iFUF/?igsh=MTh0cGN1cjRkMHVraw==>

Челлендж оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, қоғамға пайдалы ой қалыптастыруға мүмкіндік берді.

4сынып оқушыларымен «Заңның 30 секунды» челленджсі өтті. Мақсаты заңды білуге алғашқы қадам! <https://www.instagram.com/reel/DT-b0xCOdz/?igsh=OHh0azE1ejFpODJs>

Мектебімізде **Отбасы күні** өткізілді. «Отбасы – тәрбие бастауы» тақырыбында «Даналық клубы» клубы, әкелер мен аналар клубтарының қатысуымен ашық шаралар ұйымдастырылды. Отбасы күні ата-ана мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға, бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін арттыруға бағытталды. Ашық форматтағы кездесулерде ұлттық тәрбие, жауапкершілік, сыйластық құндылықтары талқыланды.

<https://www.instagram.com/p/DT11Fd1iOwu/?igsh=MWoyN2cxazJjam9tNw==>

<https://www.instagram.com/reel/DT0ta57iBuS/?igsh=MW8xcXh0Y2lMjh3dA==>

Мектебімізде «**Сенің дауыс беру құқығың**» тақырыбында 11 сынып оқушылары өз ой-пікірлерімен бөлісті.

https://www.instagram.com/reel/DT_BCqSCGkZ/?igsh=MXRjYTBlaTJ2MnhrYQ==

«**SMART BALA**» жобасы аясында инновациялық жұмыстар байқауы ұйымдастырылды;



Серік Абылайхан және Мұхамеджан Жанарыс республикалық «**Фибоначи**» жарысына қатысып Зорын иеленіп, Түркия елінде болатын халықаралық чемпионатқа жолдама алды.

Құқық қорғау органдарымен бірлесіп: құқық бұзушылықтың, лудоманияның, теріс мінез-құлықтың алдын алу шаралары жүргізілді.

<https://www.instagram.com/reel/DT0YBloiMcq/?igsh=MWQxN2R2czE0a3Jtdw==>

Қаңтар айында өткізілген іс-шаралар нәтижесінде:

Білім алушылардың құқықтық сауаттылығы артты;
Тәртіп бұзушылықтың алдыналу жұмыстары күшейтілді;
Құқық қорғау органдарымен өзара байланыс нығайды.

Ақпан айына «жасампаздық пен жаңашылдық» құндылығы аясында өткізілген іс-шаралардың есебі

Ақпан айындағы тәрбие жұмысының қорытындысы.

Тақырып: «Жасампаздық және жаңашылдық»

Ақпан айында шығармашылық ойлау, цифрлық қауіпсіздік,

әлеуметтік жауапкершілік және зиянды әдеттердің алдын алу бағытында жұмыстар жүргізілді.

Негізгі іс-шаралар:

4 ақпан күні - Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күніне орай «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» тақырыбында сынып сағаттары өтті.



https://www.instagram.com/p/DUQ80sRiMjK/?img_index=2&igsh=amY5MDQybm5uM3Bz

«Наша қорлыққа жол жоқ!» тақырыптарында сынып сағаттары ұйымдастырылды.